

Қазақта «Әкеден бала туса игі, әке жолын қуса игі» деген сөз бар. Әке жолын жалғаған сондай азаматтарды көргенде, осы даналық еріксіз ойға оралады. Біз бүгін әкесінің текті түлікті өсірудегі ісін 44 жыл жалғастырып келе жатқан Шет ауданына қарасты Кәрім Мыңбаев атындағы ауылдық округіндегі «Шолақ еспе» асыл тұқымды жылқы зауытының иесі Мұрат ҚОЖАМБЕРДИННИҢ қажырлы еңбегі жайында әңгіме өрбітбекпіз.

Түлік тұмарынан тұқым түлеткен

Әуелі сәл шегініс жасап, Мұраттың әкесі Хасен мен оның ағасы Құсайын және өзінің туған ағасы Дулат жайында аз-кем тоқтала кетсек. Мұраттың әкесі Хасен еті тірі, ерекше зерек, кезінде әйгілі жылқышы болған кісі. Ал, Хасеннің туған ағасы Құсайын өңірдегі алғашқы жоғары білімді мал дәрігері. Төңкеріске дейін Ақмола земствосында жұмыс жасаған. Ақмолада «Алаш» партиясының және уездік Совдеп мүшесі болған. Алаш арысы Сәкен Сейфуллинмен азаттық туын бірге көтерген Құсайын ақсақал да 37-нің ойранында ұсталып, 30 жылын азап лагерінде өткізген. Інісі Хасен де көп қуғын көрген. 10 жыл түрме азабын тартып, туған жеріне оралғанымен ел ішіндегі белсенділер маза бермегендіктен, бой тасалауға мәжбүр болып, Жамбыл облысына қоныс аударады.

Мұраттың ағасы Дулат өзінің өмір жолында:

«Мен 1945 жылы Меркі ауданында дүниеге келіппін. Ол жақтағы тұрмысымыз онша жаман болған жоқ. Әкеміздің санасынан елге бару арманы үзілмей, ақыры 1950 жылы ауылға оралдық. 1953 жылдан бастап әкем Қызылтау кеңшарының жылқысын бақты. Асау жылқы үйретіп жүріп бұғанасы сынып, мал бағуға жарамай қалғанда небәрі 13 жаста едім. Қарыма құрық іліп, жылқы бағуға шыққан сол күнді әлі күнге ұмытпаймын. Онан арғы еңбек жолымды Қызылтауға 1963 жылы көшіп келген Бетпақдала тәжірибе бекетінің жылқысын бағумен жалғастырдым. Бекетте республиканың білікті ғалымдары жылқы түлігін асылдандырумен шұғылданып жүрді. Ғалымдар ұзақ жылғы жүргізген асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде асыл тұқымды «Мұғалжар» жылқысын селекцияландырып қалыптастырды. 1964-1965 жылдары асыл тұқымды «Мескер», «Маупас» атты айғырларымыз Бүкілодақтық және республикалық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатыстырылып, өз тұқымдарының жеңімпазы атанды.

Жұмысты жақсы атқардым. Жүз биеден жүз құлын ерткен, әрі асыл тұқымды жылқының жаңа тектерін шығаруға атсалысып жүрген атақты жылқышы болдым. 1971-1972 жылдары қыс айларында біршама қиыншылықтарға кезіктік. Кеңшар басшыларынан мезгілінде тиісті көмек болмады. Өзім қанша талпынғанымен, жұмыс қиындап, еңбегім жанбағаннан кейін, жылқыдан кетуге мәжбүр болдым» деп есіне алады.

1977 жылдың басында осы Кәрім Мыңбаев атындағы Кеңшарға қызметке кіріскенімде, шаруашылықта мал қыстату жұмысы өте қиын, қой отарларымен қатар жылқы табындарының да жағдайы ауыр екен. Біршама жылқы бастары талан-таражаға түсіп, ит-құсқа да жем болған екен. Аяғында бөлімше басшысынан бастап, бар-

лық жылқышылар түгелдей жауапқа тартылып, жылқы бағылмай, иесіз қалды. Қалай да жылқы бөлімшесінің бағын ашатын адамды табу керек болды. Ауыл қарияларының пікірімен, Кеңшар орталығында жұмыс істейтін Дулаттың жылқыға баруын қолқаладым. Бірден жауабын бермесе де, біраз күннен кейін, өзінің де жасынан жаны құмартқан кәсібі ғой, жылқыға баруға келісті. Осылайша бөлімше басқарушысы қызметіне тағайындалды. Өз отбасымен қоса, інілері Бекет, Марат, Мұраттардың да отбасымен 90 шақырым жердегі «Шолақ еспе» бөлімшесіне көшіп барып, жұмысқа кірісті.


Іскер, қабілетті азамат қызметке кірісімен, бөлімше шаруашылығын қалпына келтіре бастады. Бірте-бірте жыл сайын бөлімшедегі 560 бас биеден әр 100 басына 92 құлын алынды. Сол жылдары Дулат басқарған жылқы өсіретін бөлімше бірнеше дүркін облыстық, республикалық жарыс додасының көшін бастап, 1982 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде арнайы жүлдені жеңіп алды. Кеңшардағы жылқы шаруашылығын дамытудағы еселі еңбегі еленіп, Дулат 1985 жылы үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

Ал, Мұрат Хасенұлы өзінің жұмысы жайында:

- Әкем мертігіп қалғаннан кейін, Дулат ағамның қасында жүріп, Қамбар ата төлінің қыр-сырына қанығып өстім. 1978 жылы ағай бөлімше меңгерушілігіне тағайындалғаннан кейін, жеке табын алып, «Ат тұяғын тай басар» дегендей, құтты құрықты мен ұстадым.

Тоқсаныншы жылдардың басында жекешелендіру науқаны басталды. 1994 жылы ағайындылар болып, «Шолақ еспе» шаруа қожалығын құрдық. Абдырағанымыз жоқ, өзімізге тиесілі үлесімізді алып, әкемізден мұра болып қалған «Мұғалжар» жылқысын өсіруді жалғастырамыз деп ұйғардық. 2002 жылы «Былқылдақ» деген бұлақтың басына 3 үй, мал қорасымен, жылқыға аран, техникаға жылы гараж, монша салдық. Сол жылы бізден 6-7 шақырым жерде бұлақ басына Дулат ағайдың баласы Дәурен інім де үй мен мал қорасын салып, қой мен жылқыдан еншісін алып, жеке шаруашылығын бастады. Ол да, жылқы түлігін асылдандырумен айналысады. Осы екі шаруашылық Дәурен екеуіміздің атымызда болғанымен, жұмыстардың бәрі Дулат ағайдың басшылығымен атқарылды. Ол кісінің өмірден түйген тәжірибесі мол. Бізге бағыт-бағдар беріп отыратын осы ағай» дейді.

Жылқы түлігін асылдандырудағы нәтижелі жұмыстары ескеріліп, 2004 жылы «Шолақ еспе» шаруа қожалығына ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен асыл тұқымды «Мұғалжар» жылқысын өсіретін жылқы зауыты мәрте-



бесі берілді. Жыл сайын республика аймағындағы шаруашылықтарға 80-90 бас асыл тұқымды айғырлар мен байталдар сатып, әр өңірде тұқымы жоғары өнім беретін жылқы шаруашылығын дамытуға өлшеусіз үлес қосуы, зауыт ұжымының шын мәніндегі мақтанышы деуге болады.

2014 жылы 6 қарашада осы «Шолақ еспе» жылқы зауытында, мал тұқымын асылдандырудағы атқарылып жатқан жұмыстар жайында, сала бойынша ғалымдар мен еліміздің әр өңірінен жылқы өсірумен айналысатын шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысып, республикалық семинар-кеңес өтті. Семинарда білікті ғалым И.Нечаевтың: «Ұзақ жылдардағы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде бүгінгі қол жеткізген «Қожамберді» атты жылқылардың кесіміне еріксіз сүйсінеміз. Мәселен, айғырларының ірілері 580-615 келі салмақ тартса, бұл тұқымның биелері тиісінше 485-540 келі тартады. Бүгінде әр 100 аналыққа шаққанда 85-90 құлын еруде. Сүттілігі жоғары, әрі құнарлы. 6-7 айлық жабағылар 220-240 келі салмақтартады»-дегеніне қалай сүйсінбей тұра аласыз.

Семинар аяғында сол жылқыларды кірге тартып, тірідей салмағын көрсету арқылы бұның бәрі бос сөз еместігін айқындай түсті және арнайы жасалған араннан өткізіп, әр тұқымның жылқыларын таныстырды. Қол жеткізген табыстары үшін Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен (1982, 1983 ж.ж.), күміс медалімен (1986, 1989 ж.ж.) және 2010 жылы тағы марапатталды.

Ал, Мұратқа келер болсақ, ол - текті түлікті өсірудегі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы номинациясы бойынша марапатталған. «Жолы болар жігітке, жаны жайсаң ару кездеседі» дегендей, Мұраттың жұбайы тәрбиелі отбасынан шыққан Раушан Ескермесқызы ерінің еңбегінде демеушісі хәм сенімді серігі. Мұрат пен Раушанның 3 баласы, 7 немересі бар. Балаларының үшеуі де жоғары білімді, мамандықтары бойынша қызмет атқарып жүр.

Иә, еті - дәрі, сүті-сусын жылқы түлігінің текті тұқымын өсіруде, әке ісін жалғастырып, перзенттік парыздарын ақтап жүрген құрығы құтты ағалы-інілі Қожамбердиндерге еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер демекпіз.

Мағауия САТЫБАЛДИН.